

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LPJN3990>***С. А. Рахымбекова¹, С. М. Сапина², А. А. Утегенова³**^{1,3}Esil University,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²Astana IT University,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5218-4310>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6630-4870>³ORCID: <https://orsid.org/0009-0004-1701-828X>*e-mail: saltanat.nur@mail.ru

ШЕТЕЛДІК ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ЕРЕКСЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Мақалада шетелдік тіл үйренушілерге арналған «Қазақ тілі» оқу құралының ерекшеліктері туралы жазылған. Қазіргі кезде шетелдік студенттердің саны көбейіп жатыр. Осыған орай қазақ тілінен оқу құралын ағылшын тілінің пайдалануымен құрастыру өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Автор тапсырмалардың атауларын қазақ және ағылшын тілдерінде жазған. Лексикалық тапсырмалар мен грамматикалық жаттығулар белгілі бір тақырыптың сөздігін қамтыған. Сабақтың құрылымына мәтін, сөздік, лексикалық тапсырмалар, грамматика, грамматикалық жаттығулар мен тест сұрақтары кіреді. Оқу құралы он бес сабақтан, әдебиеттер тізімінен тұрады. Сабақтардың лексикалық тапсырмалары мен грамматикалық жаттығулары мазмұны жағынан негізгі тақырыппен байланысты. Оқу құралының әр сабағында топтық жұмысқа арналған шығармашылық тапсырмалар бар. Аталмыш тапсырмалар диалог құруға бағытталған. Шығармашылық тапсырмалардың түрлері апробациядан өткен. Аталмыш лексикалық тапсырмалар білім алушыларға белгілі бір тақырыптың сөздігін игеруге мүмкіндік береді. Мақалада ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар білім алушылардың сыни ойлау мен талдау жасай білу қабілеттерін дамытуға, сөйлеу әрекетін меңгеруге, берілген лексикалық мәтіннің мағынасын түсінуге, талдауға бағытталған

әдістер қарастырылған. Шетелдік тіл үйренушілерге арналған оқу құралы шетелдік студенттерге қазақ тілін үйренуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: лексикалық тапсырмалар, грамматикалық жаттығулар, тест, грамматика, шетелдік әдістер, шетелдік студенттер, диалог.

Кіріспе

Қазақ тілінен бірнеше оқу құралдары баспадан шықты. Оқу құралдарында әртүрлі тақырыптар белгілі бір мамандыққа арналған. Қарастырып отырған шетелдік азаматтарға арналған «Қазақ тілі» оқу құралы көбінесе кәсіби саланың тақырыптарын қамтыған. Бұл тақырыптарда мемлекеттік қызметке қатысты сөздіктер бар. Аталмыш сөздіктер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Мысалы, «Лауазымдық нұсқаулығы туралы» тақырыбының сөздігімен танысу үшін төменде берілген 1-кестені қарастыруға ұсынамыз.

1-кесте – Сөздік

әзірленді - приготовился	exploited	құқық - право	law
басшылыққа аламын - руководствуюсь	guided	қолданыстағы - дествующее	in use
енгізу - внедрить	bring	құқылымын -правообязан	have right
жауапкершілік - ответственность	responsibility	лауазымдық - должностное	official
жүйе - система	system	мақсат - цель	aim
жауапты - ответственный	responsible	міндеттер - обязанности	duties
заңнамамен - законодательством	legislation	мәселелер - проблемы	problems
ішкі - внутренние	internal	нұсқаулық - инструкция	instruction
құжаттар - документы	documents	рәсім - церемония	procedure
қол жеткізу - достигнуть	reach	сақтау - сохранить	keep
талап - требование	requirement	сарапшы - эксперт	expert
сәйкес - соответственно	accordingly	сала - сфера	sphere

Бұл кестедегі сөздік тақырыптың негізгі сөздерін қамтиды және үш тілде құрастырылған. Сөздік алфавиттік ретімен жазылып, белгілі бір сөзді тез табуға бағытталған. Сөздікте берілген сөздермен тұрақты сөз тіркестерді

құрастырып, лексикалық тапсырмаларда пайдалануға қажет. Лексикалық тапсырмалар жүйелі түрде негізгі мәтінмен байланысты болып, қажетті тұрақты сөз тіркестерін бекітуге арналған. Лексикалық тапсырмаларды құрастыру кезінде шетелдік ғалымдардың әдістемесіне назар аудару қажет. Осы тұста Раймонд Мерфидің «English grammar in use» атты Кембриджде шыққан оқу құралын негізге алдық. Аталмыш оқу құралында Раймонд Мерфи лексикалық тапсырмаларға ерекше көңіл бөлген. Лексикалық тапсырмалармен қатар топтық жұмысқа арналған шығармашылық тапсырмаларға да ерекше көңіл бөлу қажет. Қазіргі кезде тіл үйренушілер инновациялық технологияның аркасында әртүрлі бағдарламаларды пайдаланады. Солардың қатарында Power Point, Prezi бағдарламалары жиі қолданылады. «To meet the basic objectives of this module, students have used the process of solving cases for performance of various kinds of activity in the job. In addition, they had to use an active grammar and vocabulary of a particular lesson. Moreover, students had to use in solving their cases, innovative technology, for the adoption of a decision of a problem. Programs such as Power Point, Prezi, and Excel must be used when one solves cases via program Power Point» [1, 74-б.].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу тарихи-салыстырмалы, жүйелеу, талдау, жинақтау және салыстыру, қорыту әдістері аясында жазылды. Раймонд Мерфидің «English grammar in use» атты оқу құралынан деректер алынды.

Нәтижелер және талқылау

«Қазақ тілі» оқу құралы қазақ және ағылшын тілдерінде құрастырылып, әр сабақтың негізгі тақырыбына арналған лексикалық тапсырмалары мен грамматикалық жаттығуларын қамтиды. «Әрбір тараудың соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалар оқу материалын нақтылауға бағытталған, ал ұсынылған әдебиеттер тізімі қарастырылған мәселелерді тереңірек зерделеуге арналған» [2, 8-б.]. Мысалы, «Лауазымдық нұсқаулығы туралы» атты тақырыпқа арналған лексикалық тапсырмалар негізгі мәтінді толықтырады. 2-кестеде осындай тапсырмалардың үлгісі берілген. Кестеде берілген тапсырма атауы қазақ және ағылшын тілдерінде жазылған. Осы тұста шетелдік тіл үйренушілерді ыңғайлы оқыту көзделген.

2-кесте – Сөйлем құрастырыңыздар. Complete the sentences with column A by selecting the appropriate extension column Ә.

A	Ә
1 Менің лауазымдық нұсқаулығым...	1 ...басшылыққа аламын.
2 Мен басқарма бастығына...	2 ...міндеттімін.

3 Қазақстан Республикасының заңдарын...	3 ... ұсыныстарды енгізуге құқылымын.
4 Сарапшылар кеңесіне қатысуға...	4 ... ережелерге сәйкес әзірленді.
5 Мен жұмысымды жетілдіру жөніндегі...	5 ...тікелей бағынамын.

2-кестедегі берілген лексикалық тапсырманы 3-кестедегі тапсырма толықтырады. Шетелдік тіл үйренушілер сөздікте берілген сөздерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап береді. Бұл жұмыс түрі жеңіл әрі түсінікті болу үшін сұрақтармен қатар жауаптары да берілген. Тіл үйренушілер әр тапсырмада тұрақты сөз тіркестерін оқып, сөйлем құрастырып, қажетті сөздерді жаттап алады. Лексикалық тапсырмалар белгілі сабақтың грамматикасын да қамтиды. «Сөздің жалпы лексикалық мағынасы құрамынан грамматикалық мағынаны ажыратып, бөлек алып қарастыруға болмайды» [3, 69-б.].

3-кесте – Сұрақтарға жауап беріңіз. Answer the questions.

1 Сарапшы қандай кеңестерге қатысады?	1 Онда жалпы ережелер, функционалдық міндеттер, құқықтар мен жауапкершілік мәселелері көрсетіледі.
2 Лауазымдық нұсқаулығында не көрсетіледі?	2 Сапа саласындағы басқарманың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шараларға қатысуға міндетті.
3 Функционалдық міндеттер қайда көрсетіледі?	3 Ұсыныстарды енгізеді.
4 Мемлекеттік қызметкер қандай іс-шараларға қатысуға міндетті?	4 Лауазымдық нұсқаулығында.
5 Жұмысты жетілдіру үшін не енгізеді?	5 Сарапшылар кеңесіне қатысады.

Сөз тіркестерін есте сақтау үшін ұсынылатын тағы бір тапсырма түріне 4-кестедегі тапсырма жатады. Тапсырма атауы екі тілде жазылады. Шетелдік тіл үйренушілер сөз тіркестерін құрастырып, тұрақты сөз тіркестеріне назар аударады. Бұл тапсырма оқытудың формасын жеңілдету үшін арналған. «Сабақ беру мен оқытудың түрлі формалары бар. Мұғалім практикалық қосымшаларға, экспериментке, дидактикаға немесе ашық оқытуға ерекше көңіл бөлуі мүмкін» [4, 145-б.]. Оқыту формасы әртүрлі тапсырмалар жиынтығын қамтиды. Солардың қатарында шетелдік тіл үйренушілерге кестемен берілген тапсырмалар жеңіл әрі ұтымды болып саналады.

4-кесте – Сөз тіркестерін жасаңыз. Form word combinations.

сарапшы	менеджменті
лауазымдық	қатысу
сапа	нұсқаулығы
басқарма	жауапкершілігі
кеңеске	құзыреті

Тұрақты сөз тіркестерін бекіту үшін арналған тапсырманың түрі 5-кестеде берілген. Шетелдік тіл үйренушілер көп нүктенің орнына қажетті әріпті қосып, бұл тапсыраны дайындықсыз оқып шығуы қажет. Осындай тапсырма түрі Р. Мерфидің «English grammar in use» атты оқу құралында да бар. Қазақ тілі мен ағылшын тілін салыстырып оқытуға болады. Салыстырмалы әдіс көбінесе грамматиканы түсіндіруде қолданылады. Шетелдік тіл үйренушілер үшін салыстырмалы әдіс қажетті әдістердің бірі болып саналады. Лексикалық тапсырмаларды салыстырмалы әдіс арқылы жасауға болады. «Салыстырмалы әдіс арқылы шыққан зерттеу нәтижесі ана тілі мен шет тілін салыстыра оқыту әдістемесінде кең түрде пайдаланылады. Әсіресе шет тілін үйренуде оның маңызы өте зор» [5, 45-б.].

5-кесте – Көп нүктенің орнына қажетті әріпті қойыңыз. Instead of dots put a necessary letter.

Мен...ң функционалд...қ міндеттерім б...р. Мен басқ...рманың жо...парында көзделген жұм...старды уақытын...а орныдайм...н. Сапа менеджме...ті жүйес...нің тала...тарын орындаймын. Са...а саласы...дағы басқарманың мақсаттарына қол же...кізуге бағытталған іс-шара...арға қатысуға міндетт...мін. Басқа...ма құзыретіне жат...тын мәселел...р бойынша ішкі ве...омстволық жұм...с тобына, са...апшылар кеңесіне қат...суға міндеттім...н.

Осы тапсырманы толықтыратын келесі тапсырма түрі 6-кестеде берілген. Шетелдік тіл үйренушілер берілген тапсырманы дайындықсыз ауызша орындайды. Бұл тапсырма түрі ағылшын әдістемесінде жиі қолданылады.

6-кесте – Жақшадағы сөзді сөйлемдегі сөзбен айырбастаңыз. Change a word in brackets with a word of sentence.

Example: Лауазымдық нұсқаулығымда құқықтарым да көрсетіледі. (жауапкершілігім) Лауазымдық нұсқаулығымда жауапкершілігім де көрсетіледі.

Мен жұмысымды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізуге құқылымын. (жақсарту) Сонымен қатар менің агенттікке бағынатын ведомстволық кәсіпорындардың барлық құжаттарына қол жеткізуге құқығым бар. (бүкіл) Лауазымдық нұсқаулығында қызметкердің жауапкершілігі туралы да жазылады. (құқықтары) Мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте еңбек және тәртіпті сақтамағанымға жауаптымын. (жұмыс)

Осындай тапсырма түрі күрделі тапсырмалар тобына жатады. «Лауазымдық нұсқаулығы туралы» тақырыбы шетелдік тіл үйренушілерге күрделі болып саналады. Бірақ бұл тақырып тұрмыстық лексикаға арналған тақырыптардан кейін өтеді. «Қазақ тілі» оқу құралының бастауыш деңгейінде тұрмыстық лексикаға арналған тақырыптар бар. Бастауыш деңгейі «Өзім туралы», «Менің пәтерім», «Менің туысқандарым», «Менің қызметім», «Менің кабинетім» және тағы басқа тақырыптарды қамтыған. Бастауыш деңгейде басты көңіл грамматикаға бөлінген.

Лауазымдық нұсқаулығы туралы тақырып арнайы лексиканы қамтиды. Термин сөздер арқылы болашақ мамандығы туралы білім алушыларды оқыту үшін типтік бағдарламада бірнеше лексикалық тақырыптар бар. Әрқашан лексиканың сөздігі белгілі бір ұғымдарды қамтиды. «Тілдің негізгі тірегі, арқауы – сөз. Сөз зат пен құбылыс, сапа мен белгі, т.б. ұғымдардың атауы қызметінде қолданылады» [6, 5-б.].

«Лауазымдық нұсқаулығы туралы» тақырыбы орта деңгейге жатады және тақырып көбінесе лексиканы бекітуге арналған. Лексикалық тапсырмалар грамматикалық жаттығулардың бастамасы деп санауға болады. Лексикалық тапсырмалардан кейін грамматика ұсынылады. Грамматика 7-кестеде ағылшын тілінде жазылған.

7-кесте – Грамматика. Grammar. Табыс септік. Accusative case.

Accusative case (Табыс септік) asks questions like «whom? – кімді? What – нені?» and joins nouns as well as in Russian.

Question «кімді? – whom?» concerns only the person; to animals also as well as to inanimate objects concerns the question «нені? – whom?»

8-кестеде грамматиканың жалғасы берілген. Берілген кестені тіл үйренушілер грамматикалық жаттығуларды орындау кезінде пайдаланады.

8-кесте – Грамматика. Grammar.

endings	examples
-ны	Баланы, атаны (baby, grandfather)
-ні	әжені, Әсемді (grandmother, Asema)
-ды	Қағазды, нанды (paper, bread)
-ді	Көзді (eye)
-ты	Оқуды (study)
-ті	Мектепті (school)

Грамматиканы бекітуге арналған әртүрлі грамматикалық жаттығулардың атаулары қазақ және ағылшын тілінде жазылған. Грамматикалық жаттығулар мазмұны жағынан лексикалық тапсырмалармен, негізгі мәтінмен тығыз байланысты болады.

1 Сызықшаның астынан дұрыс сөзді таңдаңыз. Choose a correct word below the line and add sentence.

2 Табыс септікті дұрыс жалғаңыз. Add the terminations of an accusative case.

3 Септеңіз. Conjugate in the form of an accessory having added the terminations of an accusative case.

4 Аудармасын табыңыз. Find translation.

5 «Кейде / ылғи» сөздердің жазылуын ескере отыра, сөйлемдерді үлгі бойынша құрастырыңыз. Pay attention to spelling of words of «Кейде – иногда and ылғи – constantly» and form sentences by the sample.

6 Сөйлемдерді құрастырыңыз. Form sentences.

7. Қазақ тіліне аударыңыз. Translate into Kazakh.

8 Сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз. Ask questions to the underlined words.

Осы сияқты грамматикалық жаттығулар кесте түрінде жасалынады. Кесте арқылы жаттығуларды орындайтын шетелдік тіл үйренушілер ауызша тапсырады. 9-кестеде көрсетілген үлгі бойынша тіл үйренушілер табыс септікті дұрыс жалғауды үйренеді. Жаттығу атауы ағылшын тілінде де «add the terminations of an accusative case» деп жазылады.

9-кесте – Сөйлем құрастырыңыздар. Complete the sentences.

Құқықтар	-ді	оқу керек
нұсқаулық	-ді	орындау керек
міндеттер	-ды	сыйлау керек
әріптестер	-ды	атқару керек
бұйрықтар	-ты	білу керек

Жаттығулар жиынтығы лексикалық тақырыпта берілген сөздікті қамтиды. Шетелдік тіл үйренушілер лексикалық тапсырмалар мен грамматикалық жаттығуларда сөздіктегі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін қайталап, жаттап алады.

Грамматикалық жаттығулардан кейін тест тапсырмалары беріледі. Тест тапсырмалары екі тілде жазылады. Тест тапсырмаларына әртүрлі тапсырамалар кіреді және лексикамен тығыз байланысты болады.

1 Сөйлемді толықтырыңыз. Add sentence:

2 Дұрыс сөз тіркесін табыңыз. Find a correct word combination:

3 «Нұсқаулық» сөзін аударыңыз. Translate the word «нұсқаулық»:

4 Берілген сөйлемді аударыңыз. Translate the question:

5 Табыс септігін табыңыз. Find the ending of an accusative case:

7 Табыс септігі бар сөйлемді табыңыз. Find the sentence containing termination of an accusative case:

8 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз. Instead of dots put a necessary word on sense.

9 Берілген тақырыпқа сөз тіркесін табыңыз. Find a word combination on a theme «Лауазымдық нұсқаулығы»:

10 Берілген тақырыпқа сөйлем табыңыз. Find a word combination on a theme «Лауазымдық нұсқаулығы»:

Осындай тапсырмалар тақырыпты бекітуге арналған. Шетелдік тіл үйренушілерге белгілі бір тақырыпты жеңіл оқыту үшін кейде тест тапсырмаларына ағылшын тілінде варианттарды ұсынуға болады. Осындай варианттың үлгісі 10-кестеде берілген.

10-кесте – Берілген сөйлемді аударыңыз. Translate the sentence.

«Мемлекеттік қызметкер қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.»

A He became the chief of department

B I have attentively read duty regulations

C We come for work to nine o'clock in the morning

D The servant works till 6 p.m.

E The civil servant is guided by the current legislation

Ағылшын әдістемесінің негізінде құрастырылған тест тапсырмаларында бір ғана дұрыс вариант болады. Тест тапсырмалары қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады. Кейде тест тапсырмаларында варианттар ағылшын тілінде жазылып, шетелдік тіл үйренушілер үшін ыңғайлы болады. «In an era where problems are universal and risks affect all of humanity, it is evident that new ways of solving these difficulties have to be found. This calls for science to get involved in finding innovative ways of thinking. Science and the universal transfer of knowledge is a key to ensuring profound academic discourse in the global age and contributing to the raising of global awareness on a world-wide scale. Any thoughtful scientific training also needs education on global issues» [7, 10-6.].

Әдеби тілді жетілдіру мақсатында тіл үйренушілерге ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығын зерттеген ғалымдардың еңбектерін пайдаланып, лексикалық тапсырмаларды құрастыруға болады. Кәсіби сөйлеу мәдениеті бағытында қазіргі қызметкерлер бос уақытында Абайдың шығармашылығымен қалай танысатыны туралы лексикалық тапсырмаларды құрастырамыз. Абай Құнанбайұлының өлеңдерін зерттеген ғылыми жұмыстар да жеткілікті. Бұл туралы бірнеше монографияда жазылған. «Біршама үзілістен соң жаңа буын, жас талапкерлер ғылыми-зерттеу еңбектері басылып көре бастады» [8, 6-б.].

Практикалық қазақ тілі бойынша лексикалық тапсырмалар мен грамматикалық жаттығулардың жасалуына басты назар аудару керек. Білім алушылардың жоғары деңгейлерін ескере отырып, терминдерді ғылыми тұрғыдан қарастыру қажет. «Қашан да ғылым ешбір дерексіз тумайды, дәуірдің талап-тілектеріне байланысты дүниеге келеді» [9, 177-б.].

Лексикалық тапсырмалар көркем әдебиетпен байланысты болады. Диалог құрастыру мақсатында білім алушыларға көркем шығармалардағы үзінділерді оқыту қажет. «Шығармашылық процесс – күрделі нәрсе әрі нақты айқындалмаған ойлау процесі. Ал шығармашылық процестің психологиясы – шығармашылық қызметті психологиялық тұрғыда зерттеудің саласы» [10, 123-б.].

Қорытынды

Шетел азаматтары үшін қазақ тілін үйрету маңыздылығын ескере отыра, аталмыш тақырыптағы ғылыми еңбектердің нәтижесінде құрастырылған оқу құралы баспаға ұсынылған. Мемлекеттік қызметте де қызметкерлер шетелге қызметтік хат жазу үшін «Қазақ тілі» оқу құралында берілген тұрақты сөз тіркестерін, сөздікті, диалогтерді қолдана алады. Қазақ тілі арқылы ағылшын тілін үйрену өзекті тақырыпқа айналды. Жоғарыда қарастырылған тапсырмалар шетел азаматтарына арналған «Қазақ тілі» оқу құралынан алынған. Оқу құралының негізіне Оксфорд университетінің профессоры Раймонд Мерфи құрастырған «English in use» атты еңбегі алынған.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Daradkeh, Y., Rakhimbekova, S.** The Use of Case-Technology in Teaching // International Journal of Open Information Technologies. – ISSN: 2307-8162. – 2017. – Vol. 5. no.7. – 79 p.
- 2 **Есембеков, Т.** Көркем мәтін теориясы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2015. – 181-б.
- 3 **Түймебаев, Ж., Сағидолда, Г.** Қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы-сипаттамалы грамматикасы. Фонетика. Морфология. Екінші басылым [Мәтін]. – Алматы : Қазығұрт, 2016. – 324-б.
- 4 **Бартлетт, С., Бертон, Д.** Білім берудегі зерттеулер [Мәтін]. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020. – 464-б.
- 5 **Есеналиева, Ж.** Салғастырмалы тіл білімі [Мәтін]. – Алматы : Полилингва, 2020. – 192-б.
- 6 **Сыздыкова, Г.** Қазіргі қазақ тілі морфологиясы [Мәтін]. – Алматы : Дәуір, 2012. – 160-б.
- 7 **Wittmann, V.** Educating Global Citizens – An Imperative of the Science in the 21st Century // Global processes // E- Journal for «Global Trends & Processes». 2020. – Vol. 3. – 185 p.
- 8 **Мырзахметұлы, М.** Абайтану, 1-том. Абайтану тарихы [Мәтін]. – Алматы : Қазығұрт, 2020. – 488-б.
- 9 **Смағұлов, Ж.** XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы [Мәтін]. – Астана : Қазақ университеті, 2017. – 480-б.
- 10 **Байменше, С.** Зергердің зертханасы : әдеби-тарихи эсселер [Мәтін]. – Алматы : «Сөздік-Словарь», – 2005. – 192-б.

References

- 1 **Daradkeh, Y., Rakhimbekova, S.** The Use of Case-Technology in Teaching // International Journal of Open Information Technologies. ISSN: 2307-8162. 2017. – Vol. 5, no.7, – 79 p.
- 2 **Esembekov, T.** Korkem matin teoriyasy [Theory of artistic text] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2015. – 181 p.
- 3 **Tuymebaev, Zh., Sagidolda, G.** Comparative-descriptive grammar of Kazakh and Turkish languages. Phonetics. Morphology. Second Edition [Comparative and descriptive grammar of the Kazakh and Turkish languages.] [Text]. – Almaty : Kazygurt, 2016. – 324 p.
- 4 **Bartlett, S., Berton, D.** Bilim berudegi zertteuler. [Research in education] [Text]. – Almaty : Ulttyq audarma byurosy qogamdyq qory, 2020. – 464 p.
- 5 **Esenalieva, J.** Salgastyrmaly til bilimi. Oqulyq [Comparative linguistics. The Book] [Text]. – Almaty : Polilingva, 2020. – 192 p.
- 6 **Syzdykova, G.** Qazirgi qazaq tili morfologiyasy [Morphology of the modern Kazakh language] [Text]. – Almaty : Daur, 2012. – 160 p.
- 7 **Wittmann, V.** Educating Global Citizens – An Imperative of the Science in the 21st Century // Global processes // E- Journal for «Global Trends & Processes». 2020. – Vol. 3. – 185 p.
- 8 **Myrzahmetuly, M.** Abaitanu, 1-tom. Abaitanu tarihy [History of Abaitanu] [Text]. – Almaty : Qazygurt, 2020. – 340 p.
- 9 **Smagulov, Zh.** XX gasyrdagy qazaq adebiettanu gylmy [Kazakh literary studies in the 20th century] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2017. – 480 p.
- 10 **Baimenshe, S.** Zergerdin zerthanasy : adebi-tarihi eseler [The Jeweler's Laboratory : Literary and Historical Essays] [Text]. – Almaty : «Sozdık-Slovar», – 2005. – 192 p.

16.04.25 ж. баспаға түсті.

21.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**C. А. Рахимбекова¹, С. М. Сапина², А. А. Утегенова³*

^{1,3}Esil University,

Республика Казахстан, г. Астана;

²Astana IT University,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 16.04.25.

Поступило с исправлениями 21.04.25.

Принято в печать 25.11.25.

ОБ ОСОБЕННОСТЯХ УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ДЛЯ ЗАРУБЕЖНЫХ ОБУЧАЮЩИХСЯ

В статье описаны особенности учебного пособия «Казахский язык» для иностранцев. В настоящее время число иностранных студентов увеличивается. В связи с этим одним из наиболее актуальных вопросов является создание учебника по казахскому языку с использованием английского языка. Названия заданий автор написал на казахском и английском языках. Лексические задания и грамматические упражнения включают в себя лексику конкретной темы. В структуру урока входят текст, лексика, лексические задания, грамматика, грамматические упражнения и тесты. Учебное пособие состоит из пятнадцати уроков и библиографии. Лексические задания и грамматические упражнения уроков по содержанию связаны с основной темой. В каждом уроке учебного пособия есть творческие задания для групповой работы. Эти задания направлены на создание диалога. Утверждены виды творческих заданий. Эти лексические задания позволяют студентам освоить лексику по определенной теме. Задания и упражнения, представленные в статье, представляют собой методы, направленные на развитие у учащихся умения критически мыслить и анализировать, овладевать речью, понимать смысл заданного лексического текста, анализировать его. Учебное пособие для изучающих иностранный язык позволяет иностранным студентам изучать казахский язык.

Ключевые слова: лексические задачи, грамматические упражнения, тест, грамматика, иностранные методы, иностранные студенты, диалог.

*S. A. Rakhimbekova¹, S. M. Sapina², A. A. Utegenova³

^{1,3}Esil University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

²Astana IT University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 16.04.25.

Received in revised form 21.04.25.

Accepted for publication 25.11.25.

ABOUT THE FEATURES OF THE STUDY GUIDE «KAZAKH LANGUAGE» FOR FOREIGN STUDENTS

The article describes the features of the textbook «Kazakh Language» for foreigners. Currently, the number of foreign students is increasing. In this regard, one of the most pressing issues is the creation of a textbook on the Kazakh language using English. The author wrote the names of the tasks in Kazakh and English. Lexical tasks and grammar exercises include vocabulary of a specific topic. The structure of the lesson includes text, vocabulary, vocabulary tasks, grammar, grammar exercises and tests. The textbook consists of fifteen lessons and a bibliography. Lexical tasks and grammar exercises of the content lessons are related to the main topic. Each lesson in the textbook contains creative tasks for group work. These tasks are aimed at creating dialogue. Types of creative tasks have been approved. These vocabulary assignments allow students to master vocabulary on a specific topic. The tasks and exercises presented in the article are methods aimed at developing students' ability to think critically and analyze, master speech, understand the meaning of a given lexical text, and analyze it. A textbook for foreign language learners allows foreign students to learn the Kazakh language.

Keywords: lexical tasks, grammar exercises, test, grammar, foreign methods, foreign students, dialogue.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz